

**"Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің Нұсқаулығын бекіту туралы" 2006 жылғы 22 ақпандағы № 175 қаулыға өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 19 маусымдағы N 684 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Семей қаласындағы Әділет басқармасында 2008 жылғы 1 тамызда N 5-2-94 тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Семей қаласының әкімдігінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 965 қаулысы

**Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Семей қаласының әкімдігінің 27.11.2023 № 965 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Ескерту. Атауға өзгерту енгізілді, мәтінде "Қағидалар", "Қағидалардың", "Қағидалармен" деген сөздер "Нұсқаулық", "Нұсқаулықтар", "нұсқаулықпен" деген сөздермен ауыстырылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2009.04.21 N 478 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).

"Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39-11 11-бабының 2-тармағы 3) тармақшасын, 16-бабын, 29-бабының 6-тармағын, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық- педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343-11 Заңының 11-бабының 1-тармағын орындау және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-11 Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына сәйкес мүгедек балалары бар ата-аналарға оларды тәрбиелеу мен оқытуға көмек беру мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің Нұсқаулығын бекіту туралы" 2006 жылғы 22 ақпандағы №175 қаулыға (нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-2-30 тіркелген, 2006 жылдың 13 сәуірдегі "Семей таңы" газетінде, 2006 жылдың 13 сәуірдегі "Семипалатинские вести" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Материалдық қамсыздандыру ай сайын 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалып төленеді.";

"Үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау мен төлеудің Нұсқаулығы" 2- бөлімде деген 11-абзац алынып тасталсын.

2. Қаулы ресми түрде жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласының әкімі

М. Айнабеков